



БҰЙРЫҚ

№ 17 мәуазт.к 2024 г.
Тараз қаласы



ПРИКАЗ

№ 55-718
город Тараз

«Таразэнергоорталық» АҚ жылу энергиясын өндіру және онымен жабдықтау қызметіне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 15) тармақшасына, 33-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына 2-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының» 220-тармағының 4) тармақшасына және 230-тармағына, 2024 жылғы – 30 мамырдағы № 3 профилактикалық бақылау нәтижелері туралы Департаменттің актісіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төраға міндетін атқарушысының 2019 жылғы 15 тамыздағы № 1-НҚ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті туралы ереженің» 14-тармағының 13) тармақшасына және 19-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Таразэнергоорталық» АҚ жылу энергиясын өндіру және онымен жабдықтау қызметіне уақытша өтемдік тариф 2024 жылдың 1 шілдесінен бастап 2025 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімге қолданысқа енгізілуімен:

1.1. жылу энергиясын өндіру және онымен жабдықтау қызметтеріне арналған орташа-босату тарифі 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 7828,89 теңге мөлшерінде, оның ішінде жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша тарифі 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 5239,23 теңге мөлшерінде, жылумен жабдықтау қызметі бойынша тарифі 1 Гкал үшін 2589,66 теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. «Таразэнергоорталық» АҚ жылу энергиясын өндіру және онымен жабдықтау қызметіне уақытша өтемдік тариф 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2025 жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімге қолданысқа енгізілуімен:

2.1. жылу энергиясын өндіру және онымен жабдықтау қызметтеріне арналған орташа-босату тарифі 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 8239,53 теңге мөлшерінде, оның ішінде жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша тарифі

1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 5262,02 теңге мөлшерінде, жылумен жабдықтау қызметі бойынша тарифі 1 Гкал үшін 2977,51 теңге мөлшерінде бекітілсін.

3. Уақытша өтемдік тарифтің қолдану мерзімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Жамбыл облысы бойынша департаментінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 135-НҚ ««Таразэнергоорталық» АҚ жылу энергиясын өндіру және онымен жабдықтау қызметтеріне уәкілетті орган бекіткен тарифті қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту туралы» бұйрығының 1- тармағының қолданылуы тоқтатыла тұрсын.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі (Б.Момбаев) осы бұйрықты «Таразэнергоорталық» АҚ назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшысының орынбасары Қ. Мүслімге жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы



А. Абдрайхан